

Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 16 шілдедегі № 264 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 тамызда № 10247-10 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арқалық қаласы аумағында инватакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) тірек-қимыл аппараты бұзылған 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 3) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар;
- 4) Даун синдромы бар мүгедектігі бар балалар;
- 5) церебралды параличі бар мүгедектігі бар балалар;
- 6) ақыл-ойдың бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар.

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қаласының әкімі

А. Асанов